

Жеңісті Берлинде қарсы алды

Алматы қаласындағы тау-кен металлургия институтын ойдағыдай бітіріп, инженер-металлург мамандығын игерген 24 жастағы Құлхан Бейсембаев еңбек жолын бастағалы жүргенде, әскер қатарына алынады.

Бұл жайлы Құлхан Бейсембаев күнделігінде былай деп жазады:

«Біз қолымызға дипломымызды алған соң, өндіріске араласып үлгермедік. 1941 жылдың 22 маусымында неміс басқыншылығы елімізге шабуыл жасады. Біз соғыстың алғашқы күндерінде әскер қатарына алындық. Бізді Мәскеу қаласындағы И.В.Сталин атындағы Әскери академияның механизация және моторизацияның жеделдетілген курсына бронды танктік факультетінде оқытты. Оқуды тәмамдағаннан кейін бронды танктік әскердің офицер шенін берді».

Неміс әскеріне қарсы шабуылда ол Батыстағы 1-Белорусь майданы әскерінің құрамында Воронеж шайқасына қатысты. Еуропаның бірнеше мемлекетін, атап айтсақ, Польша, Венгрияны азат етуге қатысып, жеңімпаз армияның жауынгері ретінде Ұлы Жеңісті Берлинде қарсы алды.

Құлхан танкілік ротаның құрамында жаумен шайқасты. Ол өзінің майдандас достары танкілік ротаның гвардия командирі, аға лейтенант Близинок, танк ротасының командирі Григорий Ушаковты, №34 танкінің механик жүргізушісі Иван Переходченконы және танк технигі Григорий Кац сынды қанды көйлек жолдастарымен бірге Берлинде жеңіс туын тігеді.

«Қ.Бейсембаев танкист-техник ретінде танктерге қызмет

көрсетуді шебер ұйымдастыра білді. Ол ротаның құрамында 700 км. жерді жүріп өтті. Соғыс кезінде Қ.Бейсембаевтың қатысуымен 11 танк жөндеуден өткізілді». Бұл Қ.Бейсембаевты «Қызыл жұлдыз» орденіне ұсынғандағы рота командирі, майор Латышевтің жазған кепілдемесі.

Бейсембаев соғыста жанқиярлық ерлік көрсетіп, «Қызыл жұлдыз», I және II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордендерімен, «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Кеңестер халқының Германия фашистерін жеңгені үшін» (1941-1945 жж) медальдарымен марапатталды.

Кеңестер Одағының маршалы жоғары бас қолбасшы И.В.Сталиннің атынан 7 рет алғыс хат алды.

Майдангер Бейсембаев ұрыс даласында бірнеше рет жарақаттанады. Кеуде тұсынан жарақат алған Құлхан Бейсембаев өмірінің соңына дейін жанына батып ауырса да, оқты алдырмапты.

Құлхан Бейсембаев 1917 жылы Баянауыл ауданы Талдыауылдық округі Бастау ауылында дүниеге келді. 1932-37 жылдары Алматы қаласындағы Тау-кен металлургия институты жанындағы рабфакта оқиды. Кейін сирек көздесетін түсті металдар және асыл тастардың металлург-инженері мамандығын алып шығады.

Ол 1946 жылы елге оралады. 1947 жылдан бастап «Майқайыңалтын» комбина-



тында инженер болып қызмет атқарады. Ол өндіріс ошағының іргетасын қалаушылардың бірі болды, өркендеуіне айтарлықтай үлес қосты.

1950 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін «Майқайыңалтын» комбинатына қарасты «Төртқұдық» кенішінде табысты еңбек етті. Қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты.

Еңбек майданында адал еңбек етіп, рудник басқармасында инженер-ұйымдастырушы, бірінші партия ұйымы бюросының хатшысы, Бозшакөл ауылдық кеңесінің атқару комитетінің мүшесі болды.

Әкеміз, соғыс және еңбек ардагері ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Гвардия аға лейтенанты Құлхан Бейсембаев 1992 жылы өмірден озды. Жауынгер әкеміздің майдандағы ерлігі мен еселі еңбегі – бәрімізге үлгі.

Райхан Бейсембаева,
қызы